

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 3 қарашадағы № 1005 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 137 Қаулысы

«Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 8-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Концессияға берілуі мүмкін объектілердің техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу үшін іріктелген ұсыныстардың тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 3 қарашадағы № 1005 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 42, 470-құжат) мынадай толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген концессияға берілуі мүмкін объектілердің техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу үшін іріктелген ұсыныстардың тізілімі: мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 8 және 9-жолдармен толықтырылсын:

«

8.	Маңғыстау облысының Ақтау қаласында автовокзал салу және пайдалану	Маңғыстау облысының әкімдігі
9.	Маңғыстау облысының Маңғышлақ (Тамақ) станциясында темір жол вокзалын салу және пайдалану	Маңғыстау облысының әкімдігі

».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов